

«Арайлы алтын күз»

Мақсаты: Күз мезгілінің ерекшеліктерін ұғындыру. Күз өнімдерімен таныстыру, олардың ағзаға пайдасын түсіндіру. Мерекелік көңіл – күй орнату. Балаларды ән салуға, би билеуге, түрлі іс - әрекеттерге тарту, бейімділіктерін арттыру. Шығармашылық ой - қиялдарының дамуына ықпал ету. Ата - аналар қауымымен тығыз қарым – қатынас қалыптастыру.

Балалар күз көрінісін Флешмоб биі арқылы көрсетеді.

Бұлт, Күн: (Нұржан, Мағжан, Әдеміай, Айнияз, Гүлфайруз, Менірхан, Мүслима, Нұрислам, Ғабидин, Елжан, Бекжан)

Жапырақтар: (Айару, Айсұлу, Аяла, Айша, Ханшайым, Еркежан, Мариям, Дүрия, Асыл, Әмина, Тоғжан, Баршагүл)

Балалар орындыққа жайғасып отырады.

Жүргізуші:

Құрметті «Алтын күз» атты мерекелік ертеңгілігіміздің қонақтары!

Баршаңызды Күз мерекесімен құттықтаймыз. Биылғы жылдың Алтын күзі отбасыларыңызға береке, құт, ырыс әкелсін!

Олай болса "Талантты бөбек" тобы дайындаған мерекелік ертеңгілігіміз ашық деп жариялап, сөз кезегін балабақша меңгерушісі Қ.Қ.Қапашқызына береміз.

Музыка ойналады. Алтын күз ханшайымының кіруі.

Күз ханшайымы: -Сәлеметсіздер ме ,балалар!

Балалар: -Сәлеметсіз бе!



Күз ханшайымы:

-Уа,халайық, дархан далам армысың
Табиғатым жаны жайсан тал мүсін
Ханшайымы күздің бүгін келіп тұр
Алмақ болып бар халқымның алғысын

-Мен Күз ханшайымымын. Сендерді көргеніме қуаныштымын.

- Балалар сендер менің қолымдағы не екенін білесіңдер ме?

- Қарбыз.

- Иә, бұл қарбыз жәй қарбыз емес, бұл сиқырлы қарбыз. Қарбыздың әр тілігінде әр түрлі тапсырмалар бар. Сол тапсырмаларды сендер мұқият орындасандар, күз жомарттың сендерге дайындаған тәтті жемістерін сыйлыққа беремін.

Жүргізуші: -Ал, балалар күз ханшайымының алып келген тапсырмаларын орындауға дайынсыңдарма?

-Иә

Күз ханшайымы:

- Олай болса мен қарбыздың бір тілігін алып, қандай тапсырма шығатынын көрейін.
- Бұл қарбызда балалардың күз мезгіліне арнаған тақпақтары бар ма екен? – дейді

Жүргізуші:

-Күз ханшайымы біздің балалардың алтын күз мерекесіне арнаған тақпақтары бар.

Олай болса ортаға(**Ханшайым, Асыл, Айсұлу, Гүлфайруз, Тоғжан, Әмина, Әдеміай, Айару, Мүслима**)



Ханшайым:

Алақай, алақай!
Шаттанды балақай,
Күз түсті, дән пісті,
Айтамыз алғысты.

Асыл:

Жапырақ ұшты,
Суық та түсті.
Сонда да бізге
Қызық көп күзде.

Айсұлу:

Сарғайды тоғай,
Сап-сары маңай.
Соңғы әнін айтып,
Құс кетті қайтып.

Гүлфайруз:

Жетті желмен алтын күз,
Жеміс жинау салтымыз,
Жиып, теріп, болған соң
Той жасайды халқымыз.

Тоғжан:

Ән салындар күлімдеп,
Жайнап гүлдей жүріңдер
Күздің тойын тойлайық
Би билейік, ойнайық.

Әмина:

Алтын сары ,қызыл ,көк
Алуан,алуан жапырақ.
Күзгі бақта күлімдеп
Көз тартады атырап.

Әдеміай:

Күзім-ау, күзім-ау
Мінезің бұзық ау.
Жаңбырың сіркіреп,
Келгенің қызық-ау.

Айару:

Нұрға бөлеп өмірді
Жырға бөлеп көңілді.
Жарқыраған сәулелі,
Күз әуені төгілді.

Мүслима:

Шөп сарғайып, ағаш қурап
Гүлдер де солады.
Жаңбыр жауып, жел соғып
Бұзылады табиғат.

Күз ханшайымы:

-Ой, жарайсыңдар балалар, тақпақтарың керемет болды. Енді келесі тапсырманы орындауға дайынбыз ба?

-Иә

-Келесі тапсырма балалар, күз мерекесіне арналған әндері бар ма екен?

Жүргізуші:

-Әрине бар, балалардың орындауында «Күн суытты далада» әнін қабыл алыңыз.

Ән: «Күн суытты далада» хор



Күз ханшайымы:

- Олай болса мен қарбыздың келесі бір тілігін алып, қандай тапсырма шығатынын көрейін.
- Бұл қарбызда балалардың биі бар ма екен? – дейді

Жүргізуші:

-Әрине бар, біздің өнерлі жігіттеріміздің «Кірпілер» биін қабыл алыңыздар.

Би :«Кірпілер» ұлдардың орындауында

(Алдында: Нұржан, Мағжан, Ғабидин, Меіірхан
Артында: Айнияз, Елжан, Нұрислам Бекжан)



Күз ханшайымы:

- Олай болса мен қарбыздың келесі бір тілігін ата-аналарға алуды табыстайын.
- Бұл қарбызда күз мерекесін тамашалауға келген ата-аналармен ойын бар ма екен?- дейді.
- Ата-аналар сіздер менімен бірге ойын ойнауға дайынсыздар ма?

Ойын: «Ыдыстағы жемістерді кім бұрын тауысады?»



(Ойын ойналып жатқанда саңырауқұлақтардың бас киімін кигізу; Әмина, Мариям
Асыл, Аяла, Айару, Дүрия, Айша)

Күз ханшайымы:

- Олай болса мен қарбыздың келесі бір тілігін алып, қандай тапсырма шығатынын көрейін.
- Бұл қарбызда балалардың алтын күз мерекесіне арналған музыка жетекшісімен бірге орындалатын өнерлері бар ма екен? – дейді.

Жүргізуші:

- Әрине бар, біздің ұл-қыздарымыз шетінен өнерлі. Олай болса, музыка жетекшісімен бірге орындайтын көңілді оркестрын тамашалайық.

«Оркестр»

(Барабан – Нұржан, Қарбыз-Мейірхан, Жемістер -Дурия, Баршагүл, Жануарлар-Мүслима, Айару, Гүлфайруз)



Күз ханшайымы:

- Олай болса мен қарбыздың келесі бір тілігін алып, қандай тапсырма шығатынын көрейін.
- Бұл қарбызда қыздардың қандай өнері бар екен? – дейді.

Жүргізуші:

- Әрине бар, біздің қыздарымыз да шетінен өнерлі. Олай болса қыздарымыздың орындауындағы «Жемістер» биін тамашалаймыз.

Би «Жемістер»

(Алдағы орынықта Айару, Әдеміай, Еркежан, Айсұлу, Арттағы орынықта Гүлфайруз, Ханшайым, Мүслима, Тоғжан)



Күз ханшайымы:

- Олай болса мен қарбыздың келесі бір тілігін алып, қандай тапсырма шығатынын көрейін.
- Бұл қарбызда топтағы ұл-қыздардың қандай өнерлері бар екен? – дейді.

Жүргізуші:

- Біздің ұл-қыздарымыздың орындауындағы «Күз келді» әніне кезек берейік.
Ән:«Күз келді» орындайтын хор



Күз ханшайымы:

-Ал, балалар, менің ыдысымда қарбыздың соңғы тілігі қалды. Мұнда балалар, қыздардың тағы да қандай өнері бар екен деп сұрап жатыр.

Жүргізуші:

-Күз ханшайымы, біздің қыздар өте өнерлі. Олардың орындауындағы «Саңырауқұлақтар» биін тамашалайық.

Би:«Саңырауқұлақтар»

(Алда тұратындар; Асыл, Айару, Әмина, Мариям, Артта тұратындар; Аяла, Дүрия, Айша)



Жүргізуші:

-Күз ханшайымы, бүгінгі мерекелік кеште көрсеткен біздің балаларымыздың өнеріне ризасыз ба?

Күз ханшайымы:

-Әрине ризамын. Менің сиқырлы қарбызымның барлық тапсырмаларын жақсы орындадыңдар. Енді өзімнің сендерге алып келген сыйымды тартайын. (Күз ханшайымы өзінің сыйын балаларға таратады)

Жүргізуші: Міне, құрметті қонақтар «Талантты бөбек» ортаңғы тобының осымен «Арайлы алтын күз» атты ертеңгілігіміз аяқталды. Көңіл қойып тыңдағандарыңызға рахмет, сау саламатта болыңыздар! (Музыка әуенімен залдан шығады)



